

# СӨЖ

**Тақырыбы: “Экономикалық өсудің жаңа классикалық және жаңа кейнсшілдік үлгілері”**

**Алматы, 2017**

# Жоспар:

## I. Кіріспе.

Экономикалық өсу ұғымы жайында жалпы түсінік

## II. Негізгі бөлім

Экономикалық өсудің түрлері мен факторлары

Экономикалық өсудің жаңа классикалық үлгісі

Экономикалық өсудің кейнстік үлгілері

## III. Қорытынды

## IV. Пайдаланған әдебиеттер

## **Экономикалық өсу ұғымы жайында жалпы түсінік**

Экономикалық теорияда маңызды сұрақтардың бірі ол экономикалық өсу. Экономикалық өсу дегеніміз ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуі. Экономикалық өсу деп өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін атайды.

**Экономикалық өсудің негізгі мақсаттары** – халықтың әл-ауқатын көтеру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Экономикалық өсудің негізгі мақсаты материалдық әл-ауқаттың жоғарлауы болып табылады, осының құрамына кіретіндер:

- Орта есеппен бір адамға келетін ұлттық табыстың өсуі. бұл мақсатқа жетуді ұлттық табыстың жан басына шаққанда келетін өсу шапшандығы көрсетеді.
- Бос уақыттың көбеюі. Бұл елдің нақты жалпы ұлттық өнім немесе ұлттық табыс көрсеткіштерінде орын алмаған. Сондықтан, осы мақсатқа жету дәрежесін бағалағанда, байқалып отырған мерзімде жұмыс аптасы мен жұмыс жылы қысқарғанына, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек әрекеттерінің жалпы ұзақтығына назар аудары керек.



## Экономикалық өсудің түрлері мен факторлары

Қоғамдық өндірістің типіне байланысты, өнімнің өсу шапшандығы мен өндіріс факторлары көлемі өзгерістерінің арасындағы сәйкестік әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан экономикалық өсу де бірнеше типке бөлінеді.

**Интенсивті типі** — техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. Тиімді экономика экономикалық өсудің интенсивті типін қолдануға тырысады. Экономикалық өсудің интенсивтік факторлары:

- қолданылатын ресурстар сапасының өсуі (жұмыс күшінің сапасын өсіру және заттық капиталдың сапасын жақсарту);
- ресурстарды пайдалану әдістерін жақсарту (технологияны жетілдіру, өндірісті және өткізуді ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру).



**Экстенсивті типі** — қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімінің өсуі. Экономикалық өсудің экстенсивтік факторлары:

- жұмыс күшінің санының өсуі;
- капиталдың көлемі өсуі.

**Аралас типі** — факторлардың өсуімен қатар техникамен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. /1/



Экономикалық теорияда экономикалық өсудің сапасы деген ұғым әлеуметтік бағытталуының күшеюімен байланыстырылады, *оның сипаттайтын келесі көрсеткіштер:*


1. *адамның бос уақытының көбеюі;*
2. *әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму дәрежесінің жоғарылауы;*
3. *адам капиталына инвестицияны өсіру;*
4. *адамдардың еңбек және өмір жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;*
5. *жұмыссыздар мен жұмысқа қабілеті жоқтарды әлеуметтік қорғау;*
6. *еңбек нарығында ұсыныс көлемінің өсуі жағдайында жұмыспен толық қамтуды қолдау./2/*





**Ескерту. Мәліметтер /3/ бойынша алынды.**

Егер тепе-теңдіктің статикалық үлгісі осы болмысқа жету шартына анықтауға бағытталса, немесе, салыстырмалы статиканың графикалық үлгісі тепе-тең алғашқы болмысы мен жаңасын сылыстырумен айналысқан болса, тепе-теңдік өсудің үлгісін жасаудың мақсаты даму процесінде тепе-теңдікті қамтамасыз етудің шарттарын анықтауға болып табылады. Бұлар **тренд траекториялары** деп аталады. Осы үлгілердегі нақты экономикалық жүйелердің өзгерулерінің ықтималдық тенденцияларын болжауға бағытталған өсу үлгілерінен айыра білу керек./4/





## Өсудің жаңа классикалық үлгісі


Өсудің жаңа классикалық үлгілері дамудың стационарлық жағдайында трендтік траекторияларды зерттеу үшін қолданылады. Дамудың стационарлық тәртібі жетілген бәсеке жағдайында және өсу процесінде макроэкономикалық статикалық тепе-теңдік өзін-өзі ұдайы өндіреді деп тұжырымдайды. Базалық өзгермелі үлгілер бірдей шапшаңдылықпен өзгереді, ал олардың өзара байланыстары байқалып отырған мерзімде, оның қандай уақытын алсақ та тұрақты болады. Осы жағдайда әңгіме «динамикалық статика» туралы болып отыр: дамудың болашақтағы сипаты оның бүгінгі сипатында болады. Осылайша, динамикадағы тепе-теңдік те статикадағы тепе-теңдік сияқты жүзеге асырылады.: өндірушілердің өз өнімінің бағасын толық білуінің негізінде, өнімдер мен ресурстардың икемді бағалары икемді проценттік ставка (өсім ақысы) арқылы жинақтар мен инвестицияларды қолма-қол теңестіру негізінде барлық өндірушілердің тәртібін жоғарылатын өндіріс факторларының шекті өнімділігіне пропорционалды түрде табыстарды көбейту негізінде.

*Үстіміздегі ғасырдың соңғы 60-70 жылдары ішінде қоғамдық қажеттіліктерді анықтау мен экономикаға ықпал етудегі мемлекет рөліне байланысты көптеген жаңа сипаттар орын алды. Мұның өзі 30-жылдары АҚШ-та орын алған Ұлы тоқырау жылдарына байланысты. Бұл үлгінің қалыптасуына Ж.Б.Сэйдің(1767-1832) өткізу теориясы жатады. /5/*

Оның артық өндіріс, артық рынокты қалыптастырады деген пікірі, сұраныс пен ұсыныс арақатынас түсініктерін өте қарапайым туындауы. Өнім әрдайым өнімге айырбасталмайды, сондықтанда ол сатылады, ақшаға айналады, ал бұл айналыс өте күрделі процесс.

## Экономикалық өсудің кейнстік үлгілері

Бұл бағыттың негізін қалаушы, ағылшынның көрнекті ғалым-экономисі **Джон Мейнард Кейнс** болды. Осы теория негізінде экономикалық екінші құрамдас бөлігі – макроэкономика қалыптасты. Кейнстің бұл еңбегі оны және оның теориясын әйгілі етті. Кейнс неоклассикалық ілімнің негізгі қағидаларынан бас тарта отырып нарық өзін-өзін реттей алмайтын тетік екенін дәлелдеді. Мұндағы Кейнстің басты идеясы болып экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі табылады. Өйткені, таза нарық жағдайында экономиканың күрделі мәселелері, атап айтсақ, жұмыссыздық, инфляция, экономиканың кезеңдік ауытқуы, әлеуметтік қамсыздандыру, халықтың әл-ауқаттылығын жақсарту сияқты күрделі мәселелер өздігінен шешілуі мүмкін емес, осыларды реттеу үшін мемлекет нарыққа міндетті түрде араласады. Кейнс ең алдымен, экономиканың қозғаушы күші деп ұсынысты емес, сұранысты бірінші орынға қояды, олай болса, ол жиынтық сұранысты көтеру және қолдау үшін мемлекеттің бюджет-салық және ақша-несие саясаттарын жүргізуді ұсынды. /6/







*Кейнстің макроэкономикалық теориясын  
Элвин Хансен, Пол Самуэльсон, Джон Хикс,  
Евсей Домар және Рой Харрод сияқты  
ғалымдар әріқарай дамытып неокейнстік  
бағыттың негізін қалады./7/*





# Е.Домардың үлгісі

*Өсу теориясына Е.Домардың қосқан негізгі үлесінің мәні мынада: ол инвестициялардың екі тиімділігін де есепке алудың қажеттігіне назар аударады – мультипликатормен қатар акселераторға. Домардың үлгісі бойынша, өндірістік қуаттардың толық пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін инвестицияларды тұрақты түрде өсіріп отыру қажет./8/*

Бұның өсу қарқыны капиталдың өнімділігінің жинаққа шекті бейімділіктің көбейтіндісіне тең болуға тиісті. Ал жұмыспен толық қамтылуды қолдау үшін еңбек ұсынысының өсу шапшаңдығы еңбек сұранысының өсімінің шапшаңдығына тең болу керек. Факторлардың біреуінің қызметін басқасы атқара алмайтындығына байланысты, еңбекке сұраныстың өсімінің қарқыны капиталдың өсімінің қарқынына тең болу арқылы қамтамасыз етіледі. Сөйтіп еңбек нарығындағы тепе – теңдікті еңбек ұсынысының өсу қарқыны капиталдың өсу қарқынына тең болғанда қамтамасыз етіледі.

*Бұл үлгіде капиталдың шекті өндірісі Леонтев функциясы ретінде қарастырылады. Домар үлгісі еңбек нарығында ұсыныстың артықшылығынан шығады, бұл бағаның тұрақтылығын ескереді. Капиталдың шығып қалуы жоқ, ал капиталдың (K) Y-ке қатынасы (K/Y) және қор жинағы нормасы тұрақты болып келеді. Өнім тек I ресурсқа ғана тәуелді деп айтуға болады, ол – капитал.*

*Инвестицияның өсуі экономикада ұсыныс пен сұраныс өсуінің факторы болып табылады. Егер берілген мезгілді инвестиция және I-ге өссе, онда мультипликатор әсерімен жиынтық сұраныс келесіге өседі.*

$$\Delta Y = \Delta I \cdot m = \Delta I \left( \frac{1}{b} \right) = \Delta I \frac{1}{s}$$

*m- шағын мультипликаторлы;*

*b- тұтынуға шекті бейімділік;*

*s- қор жинағына шекті бейімділік;/9/*

## **Р. Харродтың үлгісі**

*Р. Харрод Е. Домардан гөрі өз міндетін кең мағынада түсінген. Ол үйлесімді өсу механизмін анықтау үшін, экономикадағы функционалдық байланыстарды көрсететін теңдеулерге ғана сүйенбей, сонымен қатар талдауға кәсіпкерлер әрекеттерінің психологиялық мотивтерін енгізген.*

*Р. Харродтың үлгісіндегі кәсіпкерлердің тәртібі былай сипатталады. Егер өткен мерзімде сұраныс артық болса, онда олар (кәсіпкерлер) өндіріс көлемінің өсу қарқынын көтереді. Керісінше болса, қалыптасқан өсу қарқыны сақталады./10/*

Өсудің неокейнстік үлгілерін талдаудың негізінде жасалатын қорытындылар және экономиканың статика жағдайында қызмет етуінің кейнстік үлгісін талдаудың негізінде жасалатын қорытындылар бір – біріне өте ұқсас деп тұжырымдауға болады. Бұлардың мәні мынада: тепе – теңдік өсу тұрақты емес, сондықтан экономиканың өсуіне мемлекеттік реттеу мақсатпен белсенді кірісу қажет.



## Кейнстің зерттеу үлгісінің ерекшеліктері мыналар:

- қысқа мерзімдік макроэкономикалық талдаудың негізгі өлшемінің екі бірлігі ақша бірлігі мен еңбек бірлігін құру;
- экономикалық ғылымдар теориясына өзгермелі (переменных) басым көпшілік санымен өзара байланыста негізделген, математикалық үлгілерін (модельдерін) енгізу.
- экономикалық теорияның жаңа тілін құру – агрегатты шамалар уақытының қысқа мерзім аралығында аса аз өзгертін санының тілі, содан соң осының көмегімен бүкіл экономикада өзара байланысты төрт рыноктардың (тауарлар мен қызметтер рыногы, еңбек рыногы, ақша рыногы және бағалы қағаздар рыногы) қызметіне келіп тоғысуы;
- экономикалық процесте ұсыныстың негізгі ролін анықтау яғни бағаның көтерілуін күткен кезде, шаруашылық өмірі соған бейімделеді, ал содан соң бағаның одан да жоғары көтеруілін мүлде сезбейді;
- капиталдың шекті тиімділігі түсіндігін енгізу – ол қалпына кетірілетін қайыра өндіріске енгізілетін негізгі капиталдың бірлігіне шаққанда келетін пайда қатынасының түсініктерін көрсетеді.




Халықаралық сарапшылардың мәліметтері бойынша Қазақстанда халықтың тұрмыс жағдайының деңгейі артты. Қазіргі уақытқа дейін депрессиялық тұрақтылықтан жаңа технологиялар базасында Жалпы Ұлттық Өнім өсу қарқынын жылдамдатуға табысты көшу үшін талап етілетін қаржылық және нақты секторлар институттарының өзара іс-қимылын қалыптастыру, аймақтарда инвестициялық саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған тиісті механизмдер құру көзделуде. Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің ерекшеліктеріне әрбір саланың экономикалық көрсеткіштерінің артуы немесе кемуі тікелей әсер етеді, оның ішінде ерекше орынды иеленетін - **өнеркәсіп саласы.**



# Өңірлер бойынша өнеркәсіп өнімінің көлем индекстері пайызбен

2016 қантар-желтоқсан



Ескерту. Мәліметтер Қазақстанның ресми статистикалық [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтынан алынды.

## Қорытынды

Бұл тақырыпта әлеуметтік жағдайда экономикалық өсудің негізгі принциптері қарастырылды. Халықтың әл-ауқатын көтеру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – экономикалық өсудің негізгі түпкі мақсаттары болып табылады. Жоғарыда қарастырылған Солоу үлгісі экономиканың өсуінің ұзақ мерзімдегі мезанизмін сипаттайды. Мұнда экономика тепе-теңдікте болады және факторлар толық қамтылады. Үлгідегі Бұл байланыстар экономиканың нақты жағдайын көрсетпейді. Осы және басқа да кемшіліктерді экономиканың өсуінің жаңа теориясы ескеруге тырысады.

Кейінгі теорияның мағынасы, дәстүрлі келістердің экономикалық даму процестерін жайғана қарастыру емес ол, агрегирленген категориялар ретінде, нақты экономикалық дамудың өзара байланыстары мен функционалдарының тәуелділіктерін зерттеудің жалпы теориялық негіздерін қалап, олардың экономикалық даму тенденцияларына тиетін әсерін көрсетті.

Қорытындылай келе Қазақстан Республикасында экономикалық өсудің жаңа сапасының қалыптасуы қоғамдағы іскерлік белсенділікті жандандыруды көздейтін, нарықтық реформалар жүргізуде жүзеге асырылатын глобалдық өзгерістердің орындалуымен тығыз байланысты.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жанагулов А.Ш., Сүйіндіков Ж.С. Нарықтық экономиканың қазіргі терминологиялық түсіндірме сөздігі. Карағанды: КЭУ баспасы, 2003ж.
2. Жанагулов А.Ш., Сүйіндіков Ж.С., Ускенбаева А.Р., Степаницкая О.А. «Экономика ілімдерінің тарихы», Қарағанды 2004ж.
3. Аубакиров И.А. Извлечение из опубликованных работ в разные годы. Алматы: Қазақ университеті, 2000ж.
4. Теоретическая экономика: Учебник./ Под.ред.д.э.н. проф. У.К.Шеденова. Алматы-Актбінск.1999ж.
5. Әкімбеков С., Баймұхамбетова А.С., Жанайдаров У.А. Экономикалық теория. Оқу құралы. – Астана, 2002ж.
6. <http://helpiks.org/7-75734.html>
7. А.Нурсейт, А.Темирбекова, Р.Нурсейтова Теория рыночной экономики: предпринимательский аспект. Алматы, 2000ж.
8. С.Мәуленова, С.Қ.Бекмолдин, Е.Қ.Құдайбергенов Экономикалық теория: Оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2003ж.
9. [http://referatikz.ru/load/aza\\_sha\\_referattar/ehkonomika/ehkonomikaly/29-1-0-2777](http://referatikz.ru/load/aza_sha_referattar/ehkonomika/ehkonomikaly/29-1-0-2777)
10. Осипова Г.М. Экономикалық теория негіздері, Алматы, 2002ж.



Орындаған:  
Ақылбек Бибінұр  
Кәдірбай Еркеназ